

## **VK Mik 2209 Микробиология**

### **Зертханалық жұмыс № 1**

**Тақырып: Микробиологиялық зертханада жұмыс жасау ережелері. Микробиологиялық зертханадағы жабдықтар**

**Зертханалық сабақтың мақсаты:** Микробиология зертханасында жұмыс істеу ережелерін, микроскоптардың түрлерін мен микроскоптаудың негізгі әдістерін зерттеу.

**Зертханалық сабақтың міндеттері:**

- микробиология зертханасында жұмыс істеу ережелерімен, микробиологиялық зертханадағы қауіпсіздік ережелерімен танысу.
- микроскоптау тәсілдерімен танысу. Микроскоптың құрылысын, микроскоптаудың негізгі тәсілдерін игеру.
- Микробиологиялық практикум кезінде жұмыс жасау ережелері.

**Зертханалық қауіпсіздік ережелері:**

- Зертханаға кірерде міндетті түрде лабораториялық халат, қолғап және көз қорғаныш құралдарын кию керек. Егер қажет болса, бетперде де киіңіз.
- Зертханалық жұмыстың алдында зертхана ережелерімен танысыңыз. Бұл ережелерді сақтау сіздің және басқа адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.
- Құрал-жабдықтардың жұмыс істеу әдістерін толық білмесеніз, оларды қолданбаңыз.
- Зертханалық құрал-жабдықтар мен жұмыс аймақтарын зарарсыздандырыңыз. Құрал-жабдықтарды қолданғаннан кейін олардың бетін және зертханалық үстелдерді дезинфекциялауды ұмытпаңыз.

**Гигиеналық ережелер:**

**Қолды жуу:** Зертханалық жұмысты бастағанға дейін және аяқтағаннан кейін қолыңызды мұқият жуыңыз.

**Тағам мен сусын:** Зертхана ішінде тағамдар мен сусындарды қолдануға тыйым салынады.

**Жеке заттар:** Жеке заттарды зертханалық үстелге қоймаңыз. Олар зертханалық жұмыспен байланысты болмауы керек.

**Зертханалық құрал-жабдықтарды пайдалану:**

**Құралдарды тексеру:** Құрал-жабдықтарды қолданар алдында олардың жұмыс істеп тұрғанына және жақсы жағдайда екеніне көз жеткізіңіз.

**Жүйелі түрде тазалау:** Құралдарды пайдалану алдында және кейін таза ұстаңыз.

**Жұмыс техникасы:**

**Ашық жүйелер:** Егер жұмыс барысында ашық жүйелермен (мысалы, пипеткалармен) жұмыс істесеніз, арнайы техника мен әдістерді пайдаланыңыз.

**Ауадағы микроорганизмдер:** Қоршаған ортаға түсіп кетпеуі үшін барлық сұйықтықтарды немесе агар-ортадағы жұмыс барысында оларды жабық ұстау керек.

**Төтенше жағдайлар:**

Егер химиялық заттар немесе микроорганизмдермен байланысты авариялар болса, зертхана меңгерушісіне дереу хабарласыңыз.

Зертханалық апаттар болған жағдайда жедел дезинфекциялау шараларын орындаңыз.

**Зертханалық жұмыстың жоспары:**

Жұмыстың алдында зертханалық жоспар жасаңыз және оған сәйкес әрекет жасаңыз.

Жұмыс барысын және нәтижелерді нақты жазып отырыңыз. Бұл нәтижелерді қайта тексеру және қайта қолдану үшін қажет болады.

**Бақылау сұрақтары:**

1. Зертханалық жұмысқа кіріспес бұрын қандай қауіпсіздік ережелерін білу қажет?
2. Зертханалық құрал-жабдықтармен жұмыс істегенде қандай қауіпсіздік шаралары қабылданады?
3. Зертханалық жұмыстың алдында және соңында қолды қалай жуу керек?
4. Зертханада тағамдар мен сусындарды қолдануға қандай талаптар қойылады?